

CX 5

Ceresit

МОНТАЖДЫҚ ЖӘНЕ СУ ТОҚТАТҚЫШ ЦЕМЕНТ

Салмалы элементтерді монтаждауға, цемент негіздерді жөндеу және су ағындарын тоқтатуға арналған жылдам қатаятын цемент

ҚАСИЕТТЕРІ

- қатаюдың басталуы 4 минуттан кейін;
- беріктікті жылдам жинайды;
- отырмайды;
- су өткізбейтін;
- аязға төзімді;
- цемент және болат беттерге жоғары жабысқақтығы бар;
- құрамында хлоридтер жоқ;
- арматураның жемірілуін тудырмайды;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарайды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САПАСЫ

СХ 5 монтаждық цементі арналған:

- болат және полимер салмалы элементтерді бетонда, цемент-күм негіздерде, кірпіш және тас қалауларда жеделдетілген анкерлеу және бекітуге;
- бетон және цемент қоршау конструкцияларда су ағындарын тоқтатуға;
- жөндеу жұмыстарын жедел орындау кезінде ақауларды (ойдымдарды және жарықтарды) толтыруға.

СХ 5 азаматтық және өнеркәсіптік құрылыста сыртқы және ішкі жұмыстар кезінде қолданылады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіздерді дайындау ҚНЖЕ 3.04.01-87 сәйкес жүзеге асырылады.

Негіз қатты, таза, кедір-бұдыр болуға тиіс, оның көтергіш қабілеті жеткілікті және ашық тесіктері болуға тиіс. Негіздің бетін шаңнан және май, олифа, мастика және т.б. сияқты оған монтаждық цементтің жабысуына кедергі жасайтын заттардан мұқият тазарту қажет. Негіздің осал және борпылдақ учаскелерін механикалық жолмен жою қажет.

Қажет болған кезде негізді ылғалдандыру керек.

СХ 5 бетон, цемент сылақтар немесе тұтастырғыштар, кірпіш қалаулар және т.б. сияқты минерал негіздерде қолданылады.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

СХ 5 монтаждық цементіне таза суық су қосады және түйірлері жоқ біртекті масса алу үшін араластырады.

Араластыратын судың көлемін болжалды қолдануға байланысты таңдайды:

- қуыстарды, тесіктерді, жарықтарды толтыруға және су ағынын тоқтатуға арналған созымды консистенциясы бар ерітінді қоспасын дайындау үшін СХ 5 сумен көлем бойынша 3:1 арақатынаста араластырады;



- аражабындарда және едендерде тесіктерді толтыруға, сондай-ақ анкерлерге арналған теспелерді толтыруға арналған аққыш-созымды консистенциясы бар ерітінді қоспасын дайындау үшін, СХ 5 сумен көлем бойынша 2:1 арақатынаста араластырады.

Анкерлер мен салмалы элементтерді бекіткен кезде анкер немесе салмалы элементтің және монтаждық тесіктің беті арасындағы саңылау 20 мм аспауға тиіс. Ені 20 мм үлкен саңылауларды толтырған кезде, СХ 5 құрғақ қоспасына қосымша кварц құмды (1:1) енгізу керек, содан кейін су қосып ерітінді қоспаны талап етілетін консистенцияға дейін жеткізу керек.

Ерітінді қоспасы консистенцияға және қосымша енгізілген кварц құмның болғанына байланысты араластырылғаннан кейін 4 минут өткенде қатая бастайды. Құмды енгізу цемент тасының беріктік көрсеткіштерін төмендетеді. Дайын ерітінді қоспасын 4 минут ішінде пайдалану керек.

Су ағындарын тоқтатуды келесі түрде орындайды. Алдымен консистенциясы созымды ерітінді қоспасының кішкене мөлшерін дайындайды. Ол қатая бастағанда (араластырылғаннан кейін шамамен 4 минуттан кейін), бұл консистенцияның өзгеруінен және белсенді жылу шығарудан анықталады, онымен ағысы бар ақауды толтырады және толық қатайғанша сонда ұстап тұрады.

Ерітінді қоспасының кеппеген қалдықтарын судың көмегімен, ал кеуіп кеткендерді - тек механикалық әдіспен жоюға болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды ауаның және негіздің температурасы +5-тен +30°C дейін болған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда материалдың қатаю уақыты және беріктігін жинау жылдамдығы өзгеруі мүмкін.

СХ 5 ерітінді қоспасының қатаю жылдамдығы және, тиісінше, технологиялығын араластыру су температурасымен реттеуге болады. Төмен температуралар жағдайында жұмыс істеген кезде құрғақ қоспаны жылы сумен, ал жоғары температуралар жағдайында, керісінше, суық сумен араластыру ұсынылады.

Henkel

Качество для Профессионалов

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! СХ 5 басқа тұтқырлағыш заттармен және түрлендіргіш үстемелермен араластыруға болмайды.
СХ 5 құрғақ қоспасының құрамында цемент бар және ол сумен әрекеттескен кезде сілтілі реакция береді, сондықтан онымен жұмыс істеген кезде көз бен теріні қорғау қажет. Ерітінді қоспасы көзге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Материалды қолдану тәсілдері туралы жоғары берілген ақпараттан басқа, онымен жұмыс істеген кезде цемент материалдармен жұмыс істеу бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.
Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.
Дайындаушы материалды дұрыс пайдаланбау үшін, сондай-ақ оны мақсаты бойынша немесе осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған жағдайларда қолданбау үшін жауапкершілік көтермейді.
Материалды нақты қолдану мүмкіндігіне күмән болған кезде оны жеткілікті мөлшерде өздігінен сынау немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну керек.
Жоғары берілген ақпарат, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.
Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Өнім ылғалмен белсенді әрекеттеседі және сондықтан ашылған қаптамадан шығарылған материалды мүмкіндігінше тезірек жұмсау керек.

ҚАПТАМА

СХ 5 монтаждық цементі 25 кг қағаз қаптармен жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	
СХ 5 құрамы:	минералды толтырғыштары және түрлендіргіштері бар
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,2 кг/дм³
Ерітінді қоспасын дайындауға арналған араластыратын судың шығыны: созымды консистенциямен аққыш-созымды консистенциямен	су:СХ 5 = көлемі бойынша ~ 1:3 су:СХ 5 = көлемі бойынша ~ 1:2
Тұтыну уақыты:	~ 4 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°С дейін
Қысуға беріктік шегі: 1 сағаттан кейін 24 сағаттан кейін	≥ 12 МПа ≥ 22 МПа ≥ 35 МПа
Иілген кезде созылуға беріктігі: 6 сағаттан кейін 24 сағаттан кейін 28 тәуліктен кейін	≥ 2,5 МПа ≥ 2,6 МПа ≥ 7,0 МПа
Су өткізбеушілігі:	≥ 0,4 МПа
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 1,5 МПа
Арматуралық болатқа әсер ету:	арматураның жемірілуін тудырмайды
СХ 5 шығыны:	толтырылатын көлемнің ~ 1,6 кг/дм³